# Кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия және оның жұмысын ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 4 қыркүйектегі № 1140 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 16 қарашадағы № 756 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 16.11.2018 № 756 қаулысымен.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.11.29 № 1263 ( 21.11.2014 ж. бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының рұқсат беру жүйесін одан әрі реформалаудың 2012-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 11 шілдедегі № 929 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес құрамда Кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.11.29 № 1263 ( 21.11.2014 ж. бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Қоса беріліп отырған Комиссия туралы ереже бекітілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 4 қыркүйектегі
№ 1140 қаулысына
қосымша

## Кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.04.2015 № 288 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 N 970; өзгеріс енгізілді - 06.03.2017 № 107; 26.01.2018 № 34 қаулыларымен.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, төраға

"Нұр Отан" партиясының хатшысы, төрағаның орынбасары (келісім бойынша )

Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма төрағасы, төрағаның орынбасары (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің департамент директоры, хатшы

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі

Қазақстан Республикасының Әділет министрі

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасары (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы

Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасының орынбасары, (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша)

Қазақстанның кәсіпкерлер форумының жетекшісі (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 4 қыркүйектегі
№ 1140 қаулысымен
бекітілген

## Кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ереже

Ескерту. Ереженің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.11.29 № 1263 (21.11.2014 ж. бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

## 1. Жалпы ережелер

1. Кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.11.29 № 1263 ( 21.11.2014 ж. бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Комиссияның жұмыс органы Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі болып табылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 N 970 қаулысымен.

## 2. Комиссияның міндеттері, функциялары және құқықтары

4. Комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары:

1) Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік қызметті реттейтін заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар тұжырымдау;

2) Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік қызметті реттейтін заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

3) қолданыстағы реттегіш құралдарды жою немесе оңайлату жөніндегі ұсыныстарды қарау;

4) "Жеке кәсіпкерлік туралы" 2006 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құжаттардың жобаларына қатысты реттеушілік әсерді талдау нәтижелерін қарау және жаңа реттегіш құралдарды енгізуді және қолданыстағыларын қайта қарауды келісу;

5) мемлекеттік емес ұйымдармен және бизнес қоғамдастықпен Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік қызметті реттейтін заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау;

6) Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік қызметті реттейтін заңнамасын жетілдіру шеңберінде бизнестің операциялық шығасыларын қысқарту бойынша мемлекеттік органдардың жоспарларын келісу;

7) сарапшылық және жұмыс топтарының ұсынымдарын қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау;

8) сарапшылық және жұмыс топтары жұмысының жоспар-кестесін және отырыстарын бекіту болып табылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.04.2015 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Өз міндеттері және функцияларына сәйкес Комиссияның:

1) орталық атқарушы және басқа да мемлекеттік органдар мен ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауға;

2) Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік қызметті реттейтін заңнамасын жетілдіру мәселелері жөніндегі ұсыныстар мен ұсынымдарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізу;

3) Комиссия құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Комиссия отырыстарына Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарының өкілдерін шақыруға (келісім бойынша) және тыңдауға;

4) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік және өзге ұйымдардан Комиссия міндеттерін іске асыруға қажетті материалдарды сұрауға және алуға;

5) уақытша және тұрақты жұмыс істейтін сараптамалық және жұмыс топтарын ұйымдастыруға;

6) Комиссияға жүктелген міндеттер мен функцияларды жүзеге асыруға қажетті өзге де құқықтары бар.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2014.11.29 № 1263 (21.11.2014 ж. бастап қолданысқа енгізіледі); 24.04.2015 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

## 3. Комиссия жұмысының бағыттары

6. Комиссияның жұмысы мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жаңа реттегіш құралдарды енгізу және қолданыстағыларын қайта қарау бойынша ұсыныстар тұжырымдау;

2) рұқсат беру жүйесін түгендеу;

3) Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік қызметті реттейтін заңнамасын жетілдірудің өзге де бағыттары.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.04.2015 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Әрбір бағытты іске асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алатын сараптамалық (жұмыс) топтары құрылады.

8. Рұқсат беру жүйесін түгендеу осы Ережеге қосымшаға сәйкес рұқсат беру құжаттарына (рәсімдеріне) және хабарламаларына түгендеу жүргізу бойынша әдістемелік нұсқауға сәйкес жүзеге асырылады.

## 4. Комиссия қызметін ұйымдастыру

9. Комиссия төрағасы оның қызметін басқарады, отырыстарда төрағалық етеді, жұмысын жоспарлайды. Комиссия төрағасының шешімімен ол болмаған уақытта оның функцияларын орынбасарлардың бірі атқарады.

10. Комиссия төрағасын қоса алғанда, Комиссияның әрбір мүшесі өзі мүддесін білдіретін мемлекеттік органның құзыреті шеңберінде Комиссия әзірлейтін шешімдерге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес жауапты болады.

11. Жұмыс органы комиссия жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның ішінде комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды , олар комиссия отырысы өткізілгенге дейін үш жұмыс күні қалғанда хаттама жобасымен қоса комиссия мүшелеріне жіберілуі тиіс.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

12. Жұмыс органы Комиссияның қарауына тиісті материалдар қоса берілген сарапшылық (жұмыс) топтарының ұсынымдарын, сондай-ақ "Жеке кәсіпкерлік туралы" 2006 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес реттегіш құралдарды және онымен байланысты талаптарды енгізуді немесе жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты реттеуді қатаңдатуды жүзеге асыруды көздейтін құжаттар жобаларының реттеушілік әсеріне талдау жүргізу нәтижелерін және кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның реттеуші мемлекеттік органдардың белгіленген рәсімдерді сақтауы туралы қорытындысын енгізеді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.04.2015 № 288 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

14. Күн тәртібін, сондай-ақ отырысты өткізу орны мен уақытын Комиссия төрағасы айқындайды және нақтылайды.

15. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

16. Комиссия отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

17. Комиссия шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және оларға комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыс беру комиссия отырысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа ( бұдан әрі – Нұсқаулық) қосымшаға сәйкес нысан бойынша дауыс беру парағын толтыру жолымен өткізіледі. Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Комиссия мүшелерінің ерекше пікір білдіруге құқығы бар, оны білдірген жағдайда, ол жазбаша түрде жазылуы және Нұсқаулықтың 24-тармағында көзделген комиссия отырысының есеп-хатына қоса берілуі тиіс.

Комиссияның отырыстарын өткізу нәтижелері бойынша және дауыс беру парақтары негізінде үш жұмыс күні ішінде хаттама жасалады, оған төраға мен хатшы қол қояды.

Дауыс беру қорытындысы бойынша хаттама жобасының мазмұны өзгерген жағдайда, комиссия хатшысы қабылданған шешімнің нақтыланған редакциясы бар дауыс беру парағын комиссия мүшелеріне келісу үшін жібереді.

Комиссия мүшелері дауыс беру парағын алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде келісу не себептерін негіздей отырып, келіспеу туралы жауап береді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

18. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

19. Комиссия отырысы өткізілгеннен кейін комиссия хатшысы хаттама ресімдейді. Хатшы Комиссия мүшесі болып табылмайды.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

20. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

21. Қол қойылғаннан кейін хаттама қосымша материалдары қоса беріле отырып, түпкілікті шешім қабылдау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне қарауға жіберіледі.

## 5. Комиссия қызметін тоқтату

22. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Комиссия қызметін тоқтату туралы шешім қабылдауы оның қызметін тоқтатуға негіз болып табылады.

Рұқсат беру жүйесін жетілдіру
мәселелері жөніндегі
ведомствоаралық комиссияның
ережесіне қосымша

## Рұқсат беру құжаттарына (рәсімдеріне) және хабарламаларына түгендеу жүргізу жөніндегі әдістемелік нұсқау

## 1. Кіріспе

1. Рұқсат беру құжаттарына (рәсімдеріне) және хабарламаларына түгендеу жүргізу жөніндегі әдістемелік нұсқау (бұдан әрі – Әдістемелік нұсқау) Қазақстан

Республикасының рұқсат беру жүйесін одан әрі реформалаудың 2012-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасының (бұдан әрі – Тұжырымдама) іске асырылуын қамтамасыз ету мақсатында әзірленген.

2. Әдістемелік нұсқау мемлекеттік органдармен жүйелеу және оңтайландыру мақсаттарында рұқсат беру құжаттарына (рәсімдеріне) және хабарламаларға кешенді түгендеу жүргізуге арналған.

Түгендеу өткізу нәтижесінде:

1) барлық қолданыстағы рұқсат беру құжаттарының (рәсімдерінің) және хабарламаларының тізбесін жасау;

2) рұқсат беру құжаттарына (рәсімдеріне) сыныптауды және санаттауды жүзеге асыру;

3) рұқсат беру құжаттарын және хабарламаларды беру кезінде қойылатын талаптарды қайта қарау;

4) рұқсат беру рәсімдерін оңтайландыру және автоматтандыру;

5) рұқсат беру құжаттарын (рәсімдерін) алумен (өтумен) байланысты бизнестің операциялық шығындарының көлемін белгілеу көзделеді.

3. Әдістемелік нұсқауда түгендеуді дайындау мен өткізудің кезеңдері, сонымен қатар осы жұмыста пайдаланатын нысандардың стандартталған жиынтығының сипаттамасы көрсетілген.

4. Осы Әдістемелік нұсқаудың қолданысы мемлекеттік органдармен, мемлекетпен уәкілетті етілген ұйымдармен және тұлғалармен берілетін (жүзеге асырылатын) барлық рұқсат беру құжаттарына, сондай-ақ хабарламаларға таралады.

Осы Әдістемелік нұсқауда көрсетілген "рұқсат беру құжаты (рұқсат)", " рұқсат беру рәсімі", "хабарлама құжаты (хабарлама)" ұғымдары Тұжырымдамада көрсетілген мағыналық мәнімен сәйкес пайдаланады.

5. Рұқсат беру құжаттарын (рәсімдерін) және хабарламаларды түгендеуді мониторингтеу мен үйлестіруді Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия ( бұдан әрі – ВАК) жүзеге асырады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.11.29 № 1263 ( 21.11.2014 ж. бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Түгендеу нәтижелері негізінде әзірленген нормативтік құқықтық актілерді өзгерту бойынша ұсыныстар Қазақстан Республикасының Үкіметіне жіберіледі.

## 2. Рұқсат беру құжаттарын (рәсімдерін) және хабарламаларын түгендеу үдерісін ұйымдастыру

7. Рұқсат беру құжаттарын (рәсімдерін) және хабарламаларын түгендеу үдерісі мынадай кезеңдер бойынша жүзеге асырылады:

Рұқсат беру құжаттарын (рәсімдерін) және хабарламаларын түгендеу бойынша сараптамалық топ құрамын қалыптастыру және бекіту

8. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі – ҰЭМ) рұқсат беру құжаттарын (рәсімдерін) және хабарламаларын түгендеу жөніндегі сараптамалық топ (бұдан әрі – СТ) құрамын қалыптастырады және ВАК-қа келісуге ұсынады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.11.29 № 1263 ( 21.11.2014 ж. бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. ВАК СТ құрамын бекітеді.

10. СТ құрамына ҰЭМ қызметкерлері, бизнес қоғамдастықтар өкілдері, тәуелсіз сарапшылар, сондай-ақ өзге мемлекеттік органдар өкілдері (ротациялық негізде) кіреді.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.04.2013 № 431, 2014.11.29 № 1263 (21.11.2014 ж. бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

11. СТ жетекшісі болып ҰЭМ тиісті департаментінің басшысы (немесе басшының орынбасары) тағайындалады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.04.2013 № 431, 2014.11.29 № 1263 (21.11.2014 ж. бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

СТ жұмысының жоспар-кестесін әзірлеу және бекіту

12. СТ жұмысының жоспар-кестесі оның отырысында әзірленеді және ҰЭМ-мен келісіледі.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.04.2013 № 431, 2014.11.29 № 1263 (21.11.2014 ж. бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

13. СТ жұмысының жоспар-кестесі ҰЭМ келісілгеннен кейін ВАК-ға бекітуге жіберіледі.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.04.2013 № 431, 2014.11.29 № 1263 (21.11.2014 ж. бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

14. ВАК шешімі рұқсаттарды беруге, хабарламаларды қабылдауға және тиісті салаларда бақылау жүргізуге жауапты барлық мемлекеттік органдардың басшыларына жіберіледі.

Бастапқы түгендеу: рұқсат беру құжаттары (рәсімдері) және
хабарламалар туралы ақпаратты жинау, оны СТ қарауға тапсыру

Орындаушылар – мемлекеттік органдар.

15. Бастапқы түгендеу орталық және жергілікті деңгейде рұқсат беру құжаттарын (рәсімдерін) және хабарламаларды жүргізуді, беруді (жүзеге асыруды) реттейтін заңнаманы талдаудан басталады.

16. Әр нормативтік құқықтық актінің мәтінінде рұқсат беру құжаттары ( рәсімдері) және хабарламалары, сонымен қатар олармен байланысты талаптар және оларға сілтемелері бар нормаларды анықтау қажет.

17. Түгендеу үдерісінде кәсіпкерлік қызметті немесе жеке әрекеттерді ( операцияларды) жүзеге асыру басталғанға дейін, сонымен қатар бір реттік әрекеттер, ресурстарды, жиіліктерді, жерлерді, үй-жайларды, нарыққа тауарлар мен қызметтерді шығаруды пайдалануда алынуы міндетті болатын рұқсат беру құжаттарын (рәсімдерін) анықтау қажет.

Мұндай құжаттарға лицензиялар, рұқсаттар, келісілулер, қол қою, сертификаттар, тіркеу, аттестация, аккредитация, шешімдер, қорытындылар, актілер, төлқұжаттар, куәліктер, бекітулер, анықтамалар, паспорттар, кодтарды беру (нөмірлер, белгілеу), билеттер, ордерлер, техникалық шарттар, өзге құжаттар жатады.

Белгілі бір әкімшілік құжаттың рұқсат құжаты болып келетінін анықтау үшін Тұжырымдаманы басшылыққа алу керек.

18. Хабарлау мен декларациялау талаптары мен рәсімдерін белгілейтін нормалар бөлек анықталады.

19. Бастапқы түгендеуді өткізуге рұқсат беру құжаттарын (рәсімдерін) беруді (жүзеге асыруды) тікелей жүзеге асыратын мамандар тартылуы тиіс.

20. Бастапқы түгендеу барысында мемлекеттік органдар өз қызмет саласында барлық рұқсат беру құжаттары мен хабарламаларын анықтап алуы тиіс. Пайда болған сұрақтар ҰЭМ-мен және СТ-мен талқылау арқылы шешілуі тиіс.

Ескерту. 20-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.04.2013 № 431, 2014.11.29 № 1263 (21.11.2014 ж. бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

21. Рұқсат беру құжаттары (рәсімдері) немесе хабарламалар туралы ақпаратты ұсынбау, сонымен қатар рұқсат беру құжатының (рәсімінің) немесе хабарламасының паспорт нысанын тиісті түрде толтырмау Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиісті рұқсатты алып тастауға қатысты ұсыныстарды беруде негіздеме бола алады.

СТ мемлекеттік органдармен ұсынылмаған рұқсат беру құжаттарын ( рәсімдерін) немесе хабарламаларды анықтамаған жағдайда, соңғылары 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей осы Әдістемелік нұсқауға 1 және 2-қосымшаға сәйкес толтырылған паспорттарды СТ қарауға ұсынуы тиіс.

22. Бастапқы түгендеу үдерісінде анықталған барлық рұқсат беру құжаттарына (рәсімдеріне) мемлекеттік орган рұқсат беру құжаты (рәсімі) паспортының А-бөлігін толтырады. Рұқсат беру құжаты (рәсімі) паспортының А-бөлігінің нысаны осы Әдістемелік нұсқауға 1-қосымшада ұсынылған.

23. Бастапқы түгендеу үдерісінде анықталған барлық хабарламаларға мемлекеттік орган хабарлама паспортының А-бөлігін толтырады. Хабарлама

паспортының А-бөлігінің нысаны осы Әдістемелік нұсқауға 2-қосымшада ұсынылған.

24. Барлық рұқсат беру құжаттарының (рәсімдерінің) және хабарламалар паспорттарының А-бөліктерін мемлекеттік орган басшысы бекітеді және ортақ тізіммен ВАК басшысына және СТ-ға ВАК бекіткен кестеге сәйкес электрондық және қағаз түрінде жіберіледі.

25. Сондай-ақ рұқсат беру құжаттарының (рәсімдерінің) және хабарламаларының әрбір паспорттарының А-бөлігіне осы Әдістемелік нұсқауға 3 -қосымшада анықталған нысан бойынша рұқсаттарды (хабарламаларды) беру ( ұсыну) талаптары мен шарттары бойынша электрондық үлгіде және қағаз түрінде ақпарат қоса беріледі.

26. Рұқсат беру құжаттарына (рәсімдеріне) және хабарламаларына бастапқы түгендеу жүргізудің уақтылығы мен толықтығына мемлекеттік органдардың бірінші басшылары жауапты болады.

Ақпаратты сапасыз ұсыну фактілерін ВАК қорытады және Қазақстан Республикасының Үкіметіне және Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсынылады.

27. Бастапқы түгендеу жүргізу үшін мемлекеттік органдар тәуелсіз сарапшыларды тарта алады.

Рұқсат беру құжаттарының (рәсімдерінің) және хабарламаларының
бастапқы түгендеуін талдау және бағалау
Орындаушы – Сараптамалық топ.

28. СТ мемлекеттік органдардан алынған рұсқат беру құжаттарының ( рәсімдердің) және хабарламалардың паспорттарын талдайды және бағалау жүргізеді. Талдамалық жұмысты өткізу барысында СТ мыналар бойынша ұсыныстар әзірлейді:

1) рұқсат беру құжатының (рәсімінің) сыныбын анықтау;

2) рұқсат беру құжатының (рәсімінің) қауіп санатын анықтау;

3) рұқсат беру құжатының (рәсімінің) атауын өзгерту;

4) рұқсат беру құжатын (рәсімі) хабарлама тәртібіне ауыстыру;

5) рұқсат беру құжатын (рәсімін) алу (өту) және хабарлама беру үшін ұсынылатын жеке талаптарды жою және өзгеше қайта қарау, сондай-ақ талаптарға сәйкестігін растау тетіктерін анықтау;

6) рұқсат беру құжатының қолданылу мерзімін өзгерту;

7) рұқсат беру құжатын (рәсімін) алу (жүзеге асыру) мерзімін өзгерту;

8) рұқсат беру құжатын (рәсімін) беруге (жүзеге асыруға) төлемді алып тастау немесе мөлшерін өзгерту;

9) рұқсат беру құжатының иеліктен шығарылуы;

10) рұқсат беру құжатын жою;

11) рұқсат беру функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға тапсырылатын есептілікe қойылатын талаптар;

12) хабарландырудың қолданыстағы жүйесінің "Әкімшілік рәсімдер туралы" 2000 жылғы 27 қарашадағы № 107 Қазақстан Республикасының Заңымен анықталған хабарлама тәртібі негізінде қызметін ұйымдастыру принциптеріне сәйкестілігін анықтау және қажет болған жағдайда қайта қарау.

29. Талдау мен бағалау барысында СТ мемлекеттік органдар өкілдерімен рұқсаттарды берудің қолданыстағы тәртібіне ұсынылатын өзгерістер мәселелері бойынша кеңестер өткізеді.

Мемлекеттік органның әзірленген ұсыныстармен келіскен жағдайда, сараптамалық топ рұқсат беру құжаты (рәсімі) паспортының Б-бөлігін жасайды. Рұқсат беру құжаты паспортының Б-бөлігінің нысаны осы Әдістемелік нұсқауға 4-қосымшада ұсынылған.

30. Осындай талдау хабарламаларға қатысты да жүргізіледі. Мемлекеттік органның әзірленген ұсыныстармен келісуі жағдайында хабарлама паспортының Б-бөлігі құрылады. Хабарлама паспорты Б-бөлігінің нысаны осы Әдістемелік нұсқауға 5-қосымшада ұсынылған.

31. Мемлекеттік орган өкілдері консультация жүргізу барысында СТ қорытындыларымен келіспеген жағдайда, келіспеушіліктер туралы меморандум жасалады. Келіспеушіліктер туралы меморандум нысаны осы Әдістемелік нұсқауға 6-қосымшада ұсынылған.

32. Рұқсат беру құжаты (рәсімі) және хабарлама паспортының А және Б-бөліктерінің нысандарын толтыру бойынша әр нысанға ұсынылатын арнайы нұсқаулық әзірленген.

33. Рұқсат беру құжаты (рәсімінің) және хабарламасының Б-бөлігіне қосымша ретінде СТ әзірленген ұсыныстарға сәйкес нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер жобаларын әзірлейді.

Түгенделген рұқсат беру құжаттарын (рәсімдерін) және хабарламаларын жіктеу мен санаттау бойынша ұсыныстар үшін СТ осы Әдістемелік нұсқауға 7-қосымшаға сәйкес рұқсат беру құжаттарының және хабарламалардың Үлгілік атауларын пайдаланады.

34. СТ рұқсат беру құжаты (рәсімі) және хабарламасы паспорттарының Б-бөлігінде әр рұқсат бер құжатына (рәсіміне) және хабарламасына есептік нөмірлерді береді.

ВАК-тың СТ ұсыныстарын қарау тәртібі

35. Рұқсат беру құжаты (рәсімі) паспортының А және Б бөліктерінен, немесе хабарламадан, келіспеушілік туралы меморандумдардан (келіспеушіліктер болған жағдайда) тұратын құжаттар пакеті СТ ВАК-ға ВАК бекіткен кестеге сәйкес жіберіледі.

36. ВАК СТ ұсынған құжаттар пакетін отырыста қарайды және дауыс беру арқылы ұсыныстарды бекіту немесе пысықтауға жіберу туралы шешім қабылдайды. Ұсыныстарды пысықтау туралы шешім қабылданған жағдайда, құжаттар пакеті СТ-ға қайтарылады.

37. ВАК бекіткен СТ ұсыныстары Қазақстан Республикасының Үкіметіне кейіннен Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы әрі қарай шешім қабылдау үшін жіберіледі.

Рұқсат беру құжаттарына
(рәсімдеріне) және хабарламаларға
түгендеу өткізу бойынша
әдістемелік нұсқаулыққа
1-қосымша

# Рұқсат беру құжатының (рәсімдерінің) паспорты "А" бөлімі

(мемлекеттік орган толтырады)
2012 жылғы __________ жағдай бойынша

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | Рұқсат беру рәсімінің атауы | | Рұқсат беру құжаты берілетін рәсімнің атауы, ол көрсетілген нормативтік құқықтық акт ұсынылады. Мысалы: (1) Тұқым шаруашылығы субъектілерін аттестациялау; (2) Медициналық қызметті лицензиялау; (3) Дәрілік заттарды тіркеу және басқалары. |
| 2 | Рұқсат беру құжатының атауы | | Рұқсат беру рәсімінің талаптарымен сәйкес кәсіпкерлік субъектісіне немесе жеке тұлғаға берілетін құжаттың толық атауы көрсетіледі. Мысалы: (1) Тұқым шаруашылығы субъектілерін аттестациялау туралы куәлік; (2) Медициналық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия; (3) Дәрілік заттарға арналған тіркеу куәлігі. |
| 3 | Рұқсат беру құжатын (рәсімін) енгізу мерзімі | | Рұқсат беру құжатын беру рәсімін бекітетін соңғы нормативтік құқықтық актіні қабылдау күні. Рәсімде өзгерістерді бекітетін нормативтік құқықтық актіні қабылдау күні қойылмайды. |
| 4 | Рұқсат беру құжатын беруге жауапты мемлекеттік органның атауы | | Рұқсат беру құжатын беруге жауапты мемлекеттік органның толық атауы. Мұнда мемлекеттік органның департаменттері, ұйымдары немесе өзге құрылымдық және өңірлік бөлімшелері көрсетілмейді. |
| 5 | Рұқсат беру құжатын беретін мемлекеттік орган бөлімшесінің атауы (құжатты мемлекеттік органның бөлімшесі ұлттық деңгейде берілсе) | | Рұқсат беру құжаты берілетін мемлекеттік орган бөлімшесінің толық атауы көрсетіледі. Мұндай бөлімшеге мемлекеттік органның бақылауындағы департамент, қызмет, агенттік, өзге ұйым, мемлекеттік органның өзге құрылымдық бөлімшелері жатады. Рұқсат беру құжаты барлық мемлекеттік орган тарапынан берілетін болса, орын қалдырылады. Рұқсат беру құжаты өңірлік немесе жергілікті деңгейде берілетін болса, орын қалдырылады. |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 6 | Рұқсат беру құжаты қандай деңгейлерді беріледі: | Орталық деңгейде ____ Орталық мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесімен _ _ _ _ Жергілікті атқарушы органмен _____ Мемлекеттік органға бағынышты ұйым филиалымен (аумақтық бөлімшесімен) ___ | Рұқсат беру құжаты қандай деңгейде берілуімен байланысты "Х" белгісі қойылады. Субъект рұқсат беру құжатын берудің деңгейін таңдау құқығына ие болса, барлық мүмкін нұсқалар анықталады және "таңдау бойынша" сөздері қосылады. Беру деңгейі өзге параметрлерге байланысты болған жағдайда, барлық мүмкін болатын нұсқалар көрсетіледі және рұқсат беру құжатын беру деңгейі тәуелді болатын параметрлер "Келесілерге байланысты..." сөздерінен кейін көрсетіледі.<br>Рұқсат орталық органның аумақтық бөлімшесімен берілген жағдайда "Аумақтық бөлімшемен…" жолында белгі қойылады.<br>Рұқсат жергілікті атқарушы органмен берілген жағдайда "Жергілікті атқарушы органмен …" жолында белгі қойылады.<br>Рұқсат бағынышты ұйыммен және (немесе) оның аумақтық бөлімшелерімен немесе филиалдармен берілген жағдайда " филиалмен …" жолында белгі қойылады. |
| 7 | Рұқсат беру құжаты берілетін халықаралық шарттардың атауы және баптың нөмірі | Шарттың нормасы тікелей әрекетке ие ме (рұқсат беру құжатының атауы)<br>Иә____Жоқ ____<br>Шартта рұқсат беру рәсімін бекітетін нормалар бар ма<br>Иә ____ Жоқ____ | Рұқсат беру құжаты берілген халықаралық шарттың толық атауы жазылады, рұқсат беру құжатын енгізудің қажеттілігін анықтайтын халықаралық шарт бабының (баптарының) және (немесе) бөлімінің (бөлімдерінің) нөмірі және (немесе) атауы көрсетіледі.<br>Халықаралық шарт ережесі дәл осы рұқсат беру құжатын пайдалануды бекітетін кезде ғана (атауын көрсете отырып) "Х" белгісі қойылады. Барлық қалған жағдайларда "Х" белгісі Жоқ өрісіне қойылады.<br>Шартта рұқсат беру рәсімін бекітетін нормалар болған жағдайда Иә жолына "Х" белгісі қойылады. |
| 8 | Рұқсат беру құжаты берілетін Қазақстан Республикасы Кодекстердің және Заңдарының атауы, баптың нөмірі | Кодекстің, Заңның нормасы тікелей әрекетке ие ме (рұқсат беру құжатының атауы)<br>Иә____ Жоқ____<br>Кодексте, Заңда рұқсат беру рәсімін бекітетін нормалар бар ма<br>Иә ____ Жоқ____ | Рұқсат беру құжатын енгізу көрсетілген (рұқсат беру құжаты аталатын) Қазақстан Республикасы Заңының толық атауы көрсетіледі, рұқсат беру құжатын енгізудің қажеттілігін анықтайтын Қазақстан Республикасы Заң бабының (баптарының) нөмірі жазылады.<br>Қазақстан Республикасы Заң ережесі дәл осы рұқсат беру құжатын пайдалануды бекітетін кезде ғана (атауын көрсете отырып) "Х" белгісі қойылады. Барлық қалған жағдайларда "Х" белгісі Жоқ өрісіне қойылады.<br>Қазақстан Республикасы Заңда рұқсат беру рәсімін бекітетін нормалар болған жағдайда Иә жолына "Х" белгісі қойылады. |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9 | Рұқсат беру құжаты берілетін Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының атауы және баптың нөмірі | Жарлық нормасы тікелей әрекетке ие ме ( рұқсат беру құжатының атауы)<br>Иә____ Жоқ____<br>Жарғыда рұқсат беру рәсімін бекітетін нормалар бар ма<br>Иә ____ Жоқ____ | Рұқсат беру құжатын енгізу көрсетілген (рұқсат беру құжаты аталатын) Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының толық атауы көрсетіледі, рұқсат беру құжатын енгізудің қажеттілігін анықтайтын Қазақстан Республикасы Президенті жарлығы бабының (баптарының) нөмірі жазылады. Қазақстан Республикасы Президент жарлығының ережесі дәл осы рұқсат беру құжатын пайдалануды бекітетін кезде ғана (атауын көрсете отырып) "Х" белгісі қойылады. Барлық қалған жағдайларда "Х" белгісі Жоқ өрісіне қойылады. Қазақстан Республикасы Президенті Жарғысында рұқсат беру рәсімін бекітетін нормалар болған жағдайда Иә жолына "Х" белгісі қойылады. |
| 10 | Рұқсат беру құжаты берілетін Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының атауы, нөмірі және бабы | Қаулы нормасы тікелей әрекетке ие ме ( рұқсат беру құжатының атауы)<br>Иә____ Жоқ ____<br>Қаулыда рұқсат беру рәсімін бекітетін нормалар бар ма<br>Иә ____ Жоқ____ | Рұқсат беру құжатын енгізу көрсетілген (рұқсат беру құжаты аталатын) Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының толық атауы көрсетіледі, рұқсат беру құжатын енгізудің қажеттілігін анықтайтын Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысы бабының ( баптарының) нөмірі жазылады. Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының ережесі дәл осы рұқсат беру құжатын пайдалануды бекітетін кезде ғана (атауын көрсете отырып) "Х" белгісі қойылады. Барлық қалған жағдайларда "Х" белгісі Жоқ өрісіне қойылады. Қаулыда рұқсат беру рәсімін бекітетін нормалар болған жағдайда Иә жолына "Х" белгісі қойылады. |
| 11 | Рұқсат беру құжатының қажеттілігі мен берілу тәртібін бекітетін бұйрықтардың және өзге нормативтік құқықтық актілердің атаулары мен нөмірлері | | Рұқсат беру құжатының берілу тәртібін анықтайтын немесе рұқсат беру құжатын атап өтетін қолданыстағы бұйрықтардың, өзге нормативтік құқықтық актілердің толық атауы (түсіндірмелі хаттарды қоса алғанда) жазылады. |
| | | Кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі ____<br>Жеке тұлғалардың кәсіби біліктілігін растау ____ | "Х" белгісі рұқсат беру құжатын реттейтін объектінің тиісті өрісіне қойылады. Осы бөлікте бір ғана өрісті көрсету қажет. Кәсіпкерлік субъектілеріне белгілі бір салада қызмет құқығын беретін рұқсат беру құжаттары жатады. Мысал ретінде бір реттік әрекетке берілмейтін, жеке тұлғалардың кәсіби біліктілігін растамайтын және шектеулер мен квоталарға жатпайтын лицензиялар жатады. Басқа рұқсат беру құжаттарына мұнда қызметке рұқсат беру, жеке тұлғаларды аттестациялау және басқалары жатады. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 12 | Рұқсат беру құжатын реттеу объектісі | Шектелген ресурстармен немесе квоталарды пайдалана отырып жасалатын қызмет ____ Жылжымалы және жылжымайтын жеке объектілерді пайдалану ( ғимараттар, үй-жайлар, көлік құралдар, жер) ____ Бір реттік әрекеттер ( объектілерді жобалау мен салу, қабылдау және басқалары ) ___ Өнім _____ Өзге ( анықтаңыз) ___ ____________ | Бір жеке тұлғаның кәсіби біліктілігіне қатысты кез келген рұқсат беру құжаттары жатады (нотариаттық қызметке берілетін лицензия, маман сертификаты, біліктілікті арттыру туралы куәлік және басқалары).<br>Табиғи ресурстарды пайдалану және сандық шектеулер мен квоталар пайдаланатын өзге жағдайларға қатысты рұқсат беру құжаттары жатады. Реттеу объектісіне байланыссыз кез келген сандық шектеулер мен квоталар пайдаланған жағдайда "Х" белгісі осы жерге қойылады.<br>Жылжымалы және жылжымайтын мүлікті пайдалану аталған объектілерді сипатталған мақсатта пайдалануға құқық беретін рұқсат беру құжаттарын қамтиды. Мысал ретінде санитарлық-эпидемиологиялық қызмет, ТЖМ қорытындылары, көлік құралын пайдалану құқықтары және басқалары пайдаланады. Оған жылжымайтын мүліктерді салу мен пайдалануға тапсыруға берілетін құжаттар, көлікке арналған техникалық паспорттар сияқты бір реттік құжаттар жатпайды.<br>Мұндай жобаларды жобалау, құрылысқа жер бөлу, объектілерді қабылдау актілері, техникалық паспорттар, экспорт пен импортқа берілетін лицензиялар сияқты бір реттік әрекеттерге берілетін рұқсат беру құжаттары жатады (квоталанатын немесе белгілі бір мөлшермен шектелетін әрекеттерде есепке алмағанда). Табиғи ресурстарды пайдалану және сандық шектеулер мен квоталар пайдаланатын өзге жағдайларға қатысты рұқсат беру құжаттары жатпайды.<br>Өнім материалдар, тауарлар сияқты объектілерді қамтиды және қызметтерді көрсетпейді.<br>Реттеу объектісін анықтауда қиындық туса немесе реттеу объектісі жоғарыда көрсетілсе, "Х" белгісі осы жерге қойылады. Осы жерде белгіні қойған кезде реттеу объектісіне түсініктеме немесе анықтама беру қажет. |
| 13 | Рұқсат беру құжаты шешуге тиіс мәселені немесе бүгінгі таңда шешіліп жатқан мәселені сипаттаңыз | | Рұқсат беру құжатын шешетін немесе шешуге бағытталған мәселені сипаттау Қазақстан Республикасының заңнамасында және нормативтік құқықтық актілермен мәлімделген рұқсат беру құжатын енгізу мақсаттарымен сәйкестендірілуі тиіс. Осы бөлікте мәселені сипаттау мәлімдеу сипаты ие болмай, рұқсатты енгізудің ( болудың) мәлімделетін мақсаты мен рұқсат арқылы оған қол жеткізу тетіктері арасындағы себеп-салдарлық байланысты көрсететін дәлелді жауап ұсынуы тиіс. |
| 14 | Мәселенің болу фактісін анықтайтын мәліметтер бар ма | Иә ____ Жоқ ____ | Иә жолындағы "Х" белгісін мәселенің болу фактісін растайтын өлшенетін (сандық) индикаторлар болған кезде қою қажет. Мысалы, адамдардың қазасына алып келген апатты жағдайлар санының себебі, оны шешуге бағытталған рұқсат беру құжаты. Зерттеулер мен үлгілеу нәтижелерін де пайдалануға болады. Қалған жағдайларда "Х" белгісі Жоқ жолына қойылады. |
| 15 | Бар болса, мәселенің болу фактісін анықтайтын мәліметтерді көрсетіңіз ( мәліметтерді қосымшада | | Иә жолындағы "Х" белгісін қоюда рұқсат беру құжаты паспортының "А" бөлігінің 14-сұрағына жауап беру кезінде, міндетті түрде 15-жол толтырылады. Деректемелерді, зерттеулер қорытындыларын, сараптамаларды, деректемелері көрсетілген |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | келтіруге болады) | | үлгілеуді бере отырып статистикалық есептілік мәліметтерін келтіруге болады. |
| 16 | Қолданыстағы мәселе тәуекелдің қандай дәрежесіне жататынын анықтаңыз | Иә ____<br>Жоқ ____<br>Қалай ____ | "Х" белгісі Жоқ жолына қойылады, егер рұқсат беру құжатын беру кезінде тәуекелді талдау жүйесі пайдаланбаса. Аталған жүйе болған күннің өзінде жоспарлау мен тексерістерді жүргізу кезінде, ол рұқсат беру құжаттарын беруде пайдаланбайды, ол уақытта Жоқ жолы таңдалады.<br>Рұқсат беру құжатын беру кезінде тәуекелді талдау жүйесі пайдаланса "Х" белгісі Жоқ жолына қойылады. Бұл жағдайда, " Қалайша" бағанында берілетін рұқсат беру құжатының нысандарын көрсетіп кету қажет (объектілер, субъектілер және өзгесі). |
